

## "Аягөз ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 01 сәуірдегі N 238 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 03 сәуірде N 3809 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 279 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 13.04.2015 № 279 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Кұжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 39 бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандығы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес, Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Аягөз ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.
2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б. Байахметов*

Аягөз ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "01" сәуірдегі  
№ 238 қаулысымен бекітілген

## **"Аягөз ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Аягөз ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі ( бұдан әрі - Бөлім) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды болып табылады, Аягөз ауданы аумағында ауыл шаруашылығы саласына басшылықты жүзеге асырады.

2. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және

зандарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, езге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Бөлім мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы занды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Бөлім егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бүйіркітаратымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды .

7. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Занды тұлғаның орналасқан жері: 070200, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы, Аягөз қаласы, Бауыржан Момышұлы көшесі, 69.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Аягөз ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

10. Бөлімнің құрылтайшысы "Аягөз ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі болып табылады.

11. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Бөлімнің қызметін каржыландыру Аягөз ауданының жергілікті бюджетінен жүзеге асырылады.

13. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

14. Бөлімнің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеутиіс.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

15. Бөлімнің миссиясы: Аягөз ауданы аумағында ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету.

## 16. Бөлімнің міндеттері:

- 1) ауылда экономикалық реформаның негізгі бағыттарын орындауды және іске асыруды ұйымдастырады және осының негізінде аграрлық сектордың, оның даму тенденциясының перспективаларын анықтайды;
- 2) нарықтық инфрақұрылымды және нарықтық үлгідегі ұйымдық құрылымды құруға көмек көрсетеді, бірынғай қаржылық-инвестициялық саясат пен есепті жүргізеді;
- 3) жеке меншік негізінде ауылда әр түрлі ұйымдық - құқықтық нысандарың дамуына және құрылуына көмек көрсетеді;
- 4) ғылыми-техникалық үдерістің негізгі бағыттарын анықтайды және оларды іске асыру жолдары мен тәсілдерін, ғылым мен техника жетістіктерін насихаттауды енгізуге көмек көрсетеді;
- 5) Аягөз ауданы аумағында азық-түлік қауіпсіздігі жағдайына мониторинг жүргізеді.

## 17. Бөлімнің функциялары:

- 1) агроенеркәсіптік кешен субъектілерін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік қолдауды жүзеге асырады;
- 2) агроенеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік техникалық инспекцияны жүзеге асырады;
- 3) ауылдық аумақтарды дамытудың мониторингін жүргізеді;
- 4) агроенеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтар саласында жедел ақпарат жинауды жүргізеді және оны Шығыс Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органына береді;
- 5) "Агроенеркәсіп кешеніндегі ұздік кәсіп иесі" конкурсын өткізеді;
- 6) тиісті өнірде азық-түлік тауарлары қорларын есепке алуды жүргізеді және Шығыс Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органына есептілік ұсынады;
- 7) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасында жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

## 18. Бөлімнің құқықтары мен міндеттері:

- 1) Бөлім құзыретіне кіретін мәселелер бойынша аудан басшыларына қарауға ұсыныс енгізу;
- 2) Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген құзыреті шеңберінде Бөлім қызметіне қатысты мәселелерді қарау және бірлесіп атқару үшін ауданның өзге жергілікті атқарушы органдары бөлімдерінің қызметкерлерін қатыстыру;
- 3) Бөлім құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен кеңес өткізуге бастамашылық ету;
- 4) өз функцияларын орындау үшін өзге мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан, ұйымдардан және олардың басшыларынан, азаматтардан Қазақстан

Республикасының заңнамаларымен белгіленген құзыret шегінде қажетті ақпаратты сұрау;

- 5) Бөлім құзыretіне кіретін мәселелер бойынша кеңес беру;
- 6) жеке және заңды тұлғалардың ресми сұранымы болған жағдайда өз құзыretі шегінде және заңнама шеңберінде қажетті материалдар мен ақпаратты ұсыну;
- 7) Бөлім құзыretіне кіретін өзге де міндеттерді орындау.

### **3. Мемлекеттік органдың қызметін ұйымдастыру**

19. Бөлімді басқару Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшымен жүзеге асырылады.

20. Бөлімнің бірінші басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Аягөз ауданының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

21. Бөлім басшысының өкілеттігі:
- 1) заңнамамен белгіленген тәртіpte Бөлім қызметкерлерін лауазымға тағайындауды және лауазымнан босатады;
  - 2) заңнамамен белгіленген тәртіpte Бөлім қызметкерлерін көтермеледі және тәртіптік жазаға тартуды жүзеге асырады;
  - 3) өз құзыretі шегінде бүйрық шығарады, нұсқаулар береді, қызметтік құжаттамаға қол қояды;
  - 4) Бөлім қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;
  - 5) мемлекеттік органдарда, басқа ұйымдарда Бөлім мүддесін білдіреді;
  - 6) Аягөз ауданы әкімдігінің қаулысымен бекітілген штат санының лимиті мен құрылымы шегінде Бөлімнің штат кестесін бекітеді;
  - 7) сыйайлас жемқорлыққа қарсы тұру бойынша қажетті шаралар қабылдайды және оған дербес жауапты болады;
  - 8) ерлер мен әйелдердің олардың тәжірибелеріне, мүмкіндіктеріне және кәсіби дайындықтарына сәйкес мемлекеттік қызметке тең қолжетімдігін қамтамасыз етеді;
  - 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттілікті жүзеге асырады.

Бөлімнің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

### **4. Мемлекеттік органдың мулкі**

22. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлім, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

25. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.